

Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Аманшеева А.Ж

Сынып жетекшісі: Жумабекова М.Б

Білім беру ұйымы М. Жұмабаев атындағы ЖББОМ

Мектепалды даярлық О «Ә» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 4 - 8 қыркүйек 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	<p>Сөйлеп тұрған таңғы радио: «Бізді қоршаған әлем жайлы әңгімелесу» Мақсаты: сурақтарға толық жауап беруге үйрету.</p>	<p>Үстел үсті театр ойыны: «Өлі табиғат құбылыстары» тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.</p>	<p>Ойын– жаттығу: «Туған жер табиғатын қорғау керек пе, әлде жоқ па?» әңгімелесу, сұрақ жауап Ойын:«Жер шары» Фотосуреттер қарау. Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю.</p>	<p>« Сәлем жаңа күн» Дойын : «Жанды және жансыз табиғатты ажырат». Жер,су,ауа. Мақсаты: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге,жылдам жауап беруге, ауада,суда не болатынын дұрыс айтуға төселдіру. Қоршаған ортаға қамқорлық сезімін тәрбиелеу.Шапшаң жауап беруге баулу. Еңбек тапсырмасы: Балықтарға жем шашу</p>	<p>«Табиғат мінезі» Сюжеттік ойындар: «Сиқырлы фломастер» еркін сурет салу. Не артық? Мақсаты: Балаларды суретке қарап,оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. «Табиғат мінезі» жаттығуы Еңбек тапсырмасы: Кезекшілікті ұйымдастыру</p>
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме:Ата- аналарға балаларын мектепке ертерек алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінінзді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»

Ертеңгілік жаттығу	Көңілді жаттығу кешені № 1				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жылулық сәті: Апам мені «Айым»-дейді, Мен мұнайсам, уайым жейді. Апам мені «Күнім»-дейді, Мен қуансам күлім - дейді.	Жылулық сәті: Қуанамыз күлеміз, Бар әлемде сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достарымен бір жүреміз.	Жылулық сәті: Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөгеленген шеңберді.	Жылулық сәті: Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз.	Жылулық сәті: Достар бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге Қуанышпен еніңдер.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы. «Мектептегі алғашқы күн». Мақсаты: -«Б» – «П» дыбыстарының ұқсастығын түсіндіру; Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету</p> <p>Ба-ба-ба – бала. Бо-бо-бо – бота Бө-бө-бө – бөрік. Табыл – дабыл. Бақа – бақбақ «П» дыбысының буын ішінде кездесетін сөздерге мысал келтіреді: Па-па-па – парта. Жа-па-лақ – жал-пақ. Па-рақ – жа-пы-рақ.</p>	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы. «Дыбыс пен сөз» Мақсаты: -дыбыс терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру</p> <p>Дидактикалық ойын: «Дауысынан таны» Ойын шарты: балалар шеңбер болып тұрады, бастаушы санамақ санау арқылы бір баланы ортаға шығарып, көзін байлайды. Санамақ арқылы келесі баланы шығарады, ол көзі байлаулы тұрған баланың атын айтады. Ойын осылай жалғаса береді. Педагог саусақ бұлшық еттеріне арналған жаттығу жасатады. Сыңғыр, сыңғыр сырғалар Құлағымда сыңғырлар. Оң қолымда білезік, Сол қолымда білезік, Санап көрші, кәнеки, 1, 2, 3 –</p>	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы. «Сөз» Мақсаты: - Баланың сөз туралы түсініктерін қалыптастыру</p> <p>Дидактикалық ойын: «Сөз айт, тез айт» Ойын шарты: доппен орындалады. Балалар бір-біріне доп лақтырып, «А» дыбысынан басталатын сөздерді айтады. Педагог балаларға саусақ бұлшық еттерін дамыту жаттығуын жасатады. Басбармағым бастап берді, Саусақтарым ән сап берді, Шылдыр шүмек шылдырлады, Кіші бөбек былдырлады.</p>	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы. «Сөз. Сөздің мағынасы» Мақсаты: -Сөздердің ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп, айыра білуге үйрету</p> <p>«Кім көп біледі?» ойынын ойнату. Ойлаған сөздеріңді буынға бөлейік. – Әр буында бір дауысты дыбыс болады. Дауысты дыбыстарды қызыл түспен, ал дауыссыз дыбыстарды көк түспен белгілейміз (балаларға көрсету).</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы. «Кішкентай бағбан» (әңгімелеу) Мақсаты: - Балалардың әңгімеге деген қызығушылығын арттыру. Шығарма кейіпкерлерімен таныстыру</p> <p>Есіңе сақта: «Еңбекпенен тапқаның, Шекер-балдан татқаның». Д/ ойын: «Жеміс терейік». Ойынның ережесі: интерактивті тақтадағы немесе муляж жемістер мен көгөністерден мәтінде барын және қайда өсетінін ажыратып айтады. Ойынның шарты: балалар жемістерді атап береді. Мысалы, алма, алмұрт, өрік, жүзім, банан т.б.</p>

		бір, екі, үш, Демаламыз жинап күш.			
--	--	------------------------------------	--	--	--

Үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар
«Лақтыр да, қағып ал»


<p>Суретті тіл ұстарту: Ша – ша – ша Айшаның шанасы тама (ша) Са – са – са Қасқыр соқты Мұ (са) Ол – ол – ол Ағашта лимон м(ол) Ра – ра – ра Дүкеннен нан алды Са (ра) Із – із – із Тамаққа қосты сәб(із) Жу – жу – жу Ыдысты тазалап (жу)</p>		<p>Ойын: «Лақтыр да, қағып ал» Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету. Ойынның шарты: Балалар алаңда еркін орналасады әр біреуінің қолында бір-бір доптан болады. Тәрбиешінің «баста», - деген белгісі бойынша балалар допты жоғарыға лақтырып қағып алады. Әр бала неше рет лақтырып қағып алады, соны санайды.</p>
---	--	---

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Қоршаған орта Тақырыбы: Заттардың адам өміріндегі маңызы. Не неден жасалады? Мақсаты: - Балаларға заттардың белгілері мен ерекшеліктері туралы білім беру. Қандай материалдан заттардың жасалатыны, және олардың сапасы жайлы түсініктерін кеңейту.</p> <p>«Айналар» ойыны. Шарты: жүргізуші сайланады, қалған балалар «айна» болады. Жүргізуші айна сататын «дүкенге» кіргендей</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: «Біреу – көп» Мақсаты: - балаларға заттар жиынынан бір затты бөле білуге үйрету. Топтық жұмыс. 1-Бір-бірден берілген заттарды қоршап сызады. Педагог балалардан сыйлық ретінде ойыншықтарды қаншалықты жиі алатындығы туралы сұрайды. 2-тапсырманы орындауды ұсынады: бір сыйлықты</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: «Заттардың ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру» Мақсаты: - балаларға заттар тобының (жиынының) жалпы қасиетін табуды, қандай да бір қасиеті үлкен», «кішкентай»), тиесілілігі бойынша топқа біріктіруді үйрету</p> <p>Балаларға мынадай жаттығуларды ұсынады: Көгөністерге, жемістерге, тәттілерге бөлуді ұсынады. Заттар тобын бір сөзбен атайды.</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: «Заттардың ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру» Мақсаты: -- дара заттарды бөлуді үйрету; бір заттан тұратын жиын туралы ұғым қалыптастыру; «біреу» және «бірнеше» («көп») терминдерін енгізу</p> <p>«Қоян» – бала жұдырығын түйеді. Одан кейін сұқ саусағы мен ортаңғы саусағын шошайтады. «Қоян» құлақтарын созып тұр.</p>	<p>Қоршаған орта Тақырыбы: «Табиғатта не өзгерді?» Мақсаты: - Күзде табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырату және атауларын атап көрсетуге; себеп-салдар байланысын анықтауға үйрету. Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмысқа деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін шыңдау</p>
--	--	--	---	--	---

	<p>болады. Жан-жағына қарап, таңданып, қандай қимыл жасаса, «айналар» сол қимылды қайталайды.</p>	<p>таңдандар. Онда не болуы мүмкін? Оны бояндар. 3-тапсырманы орындайды – бір қорапты таңдап, оны бойды</p>	<p>«Қарбыз қандай топқа жатады?» деген сұраққа жауап беруге қиналады. «Көп» және «бірнеше»терминдерін қолданады. Саны бойынша салыстырады: жемістер көп, ал қарбыз біреу. Көгөністер көп, ал қарбыз біреу және т.с.с</p>	<p>«Сақина» – бала жұдырығын түйеді. Одан кейін бас бармағы мен сұқ саусағын түзетіп, бір-бірімен түйістіреді. «Саусақтардың амандасуы» – саусақтарын түзу ұстап, алақандарын бір-біріне қарама- қарсы ұстайды. тапсырманы орындауды ұсынады. Тапсырманы жеке орындауға және алма мен алмұрттарды бөлек топтарға бөлу үшін қасиеттерін тұжырымдауға уақыт береді. Сұрақ қояды: Әрбір топта неше алма және алмұрт бар? «Бірнеше» немесе «көп», «бір»сөздерін пайдалануға қол жеткізеді. Әр түрінен бір үлкен жемісті бояу ұсынылады</p>	<p>«ҚАЙСЫСЫ АРТЫҚ?» дидактикалық ойыны. Мақсаттары: балалардың жылдың түрлі мезгілдеріне қатысты білімдерін нығайту, өз ойын нақты әрі еркін жеткізу қабілеттерін күшейту; есте сақтау қабілеттерін дамыту. Педагог жыл мезгілінің атауын атайды: «Күз». Содан соң жылдың әртүрлі мезгілдерінің өзіне тән белгілерін атап көрсетеді (құстар оңтүстікке ұшып кетеді; бәйшешектер гүлдейді; ағаштардың жапырағы сарғаяды; үлпілдеген ақ қар жауады).</p>
--	---	---	--	--	---

Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Айдаһардың құйрығы»

<p align="center">Тілді жаттықтыратын тақпақ</p> <p>Кім келді? Қане, қане кім келді? Біз, біз, біз! Апа, апа бұл сіз бе? Иә, иә, иә! Әке, әке бұл сіз бе? Иә, иә, иә! Ағатайым бұл сіз бе? Иә, иә, иә! Қарындасым бұл сен бе?</p>		<p>Ойын: «Айдаһардың құйрығы» Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады. Ойынның шарты: Өте қызық ойын! Ойынға қатысушылар бірінің артына бірі тізбектеле белдерінен ұстап тұрады. Ең бірінші тұрған бала - «айдаһардың басы». Ең соңғысы – «құйрығы» болады. «Айдаһардың басы» ең күрделі жолдармен жүре отырып өз «құйрығын» ұстап алуға тырысады. Ұсыныс: Оның мақсаты – ұстап алу, «құйрықтың»</p>
---	--	---

<p>Иә, иә, иә! Біздер тату жан ұя Иә, иә, иә!</p>		<p>мақсаты ұстатпау, қайткені де қашып құтылу. Егер «құйрық» ұсталып қалса, ол – «бас» болады. Ойын өз жалғасын табады.</p>
---	---	---

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Қазақ тілі Тақырыбы: «Менің мектебім» Мақсаты:- Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету</p> <p>Дидактикалық ойын: «Танысу». Балалар аттарын айтып, қуыршақпен танысады. – Сенің атың кім? – Менің атым – Рома. – Менің атым – Вика. – Менің атым – Арлан</p> <p>Дидактикалық ойын: «Тыңда, көрсет, қайтала». (Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту, қима суреттермен жұмыс). – Мынау кім? – Мынау – қыз. – Қыз қайда келді? – Қыз мектепке келді</p>	<p>Қазақ тілі Тақырыбы: «Біздің топ» Мақсаты -сурет бойынша сөйлем құрап әңгіме айту Сөздік ойын: «Жалғасын тап». Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды.</p> <p>Мектеп (әдемі, жарық, таза) Біздің ... (топ) Біздің топта... (ойыншықтар көп) Біздің топта... (үстелдер, орындықтар, кереуеттер) бар. Табиғат бұрышында .. (гүлдер) бар.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Мектептегі алғашқы күн». Мақсаты:- Мазмұнды жалғастырту арқылы ой-қиялдарын дамыту</p> <p>Ба-ба-ба – бала. Бо-бо-бо – бота Бө-бө-бө – бөрік. Табыл – дабыл. Бақа – бақбақ «П» дыбысының буын ішінде кездесетін сөздерге мысал келтіреді Па-па-па – парта. Жа-па-лақ – жал-пақ. Па-рақ – жа-пы-рақ Педагог балаларға «бала», «парта», «бақа», «бақбақ» сөздеріне сөйлем құратады</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: «Кішкентай бағбан» (әңгімелеу) Мақсаты:- Балалардың әңгімеге деген қызығушылығын арттыру. Шығарма кейіпкерлерімен таныстыру</p> <p>-Балалар, сендер жеміс жегенді ұнатасындар ма? Қандай жемістерді білесіңдер? Бүгін М. Төрежановтың «Кішкентай бағбан» әңгімесімен танысамыз. Әдеби жанрдың бір түрі әңгіме екенін түсіндіру. Әңгіменің басқа жанрлардан ерекшелігі – қысқа оқиғаны баяндайды ойын: «Жеміс терейік».</p>	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Тақырыбы: «Күзгі орман» (Акварель бояу) Мақсаты:- күзгі орманның мазмұнын көре білуді үйрету. Бояумен сурет салуды жетілдіру, - бедерлі мүсіндеу тәсілімен таныстыру; жалпақтау, кесу, шымшу әдістерін тиянақтау, түрлі құралдарды дұрыс қолдана білуге машықтандыруды жалғастыру - қол, саусақ қимылдарын арттыру; көркем сөйлеу тілін дамыту - ұжымдық жұмыс жасау арқылы мазмұнды құрастыруға қозғау салу Топтық жұмыс: Сурет салі Мүсіндеу Жапсыру Құрастыру Күз Ой, балалар, балалар, Қоңырқай күз болыпты. Қурап жапырақ солыпты, Ел егінін орыпты.</p>
--	---	---	--	--	--

				<p>Ойынның ережесі: интерактивті тақтадағы немесе муляж жемістер мен көгөністерден мәтінде барын және қайда өсетінін ажыратып айтады.</p> <p>Ойынның шарты: балалар жемістерді атап береді. Мысалы, алма, алмұрт, өрік, жүзім, банан т.б</p>	
--	--	--	--	--	--


Үзіліс: Қозғалмалы зерек ойындар «Жер,су,ауа» ойыны.

«Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата»

Мақсаты: Қасиетіне қарай: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады.

Көрнекіліктер: қар мен жаңбыр бейнеленген суреттер.

Ойын барысы: Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп, олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек.



Ойын: «Жер,су,ауа»

Мақсаты: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, жерде, ауада, суда не болатынын дұрыс айтуға төселдіру, қоршаған ортаға қамқорлық сезімен тәрбиелеу.



Көрнекіліктер: асық

Шарты: балалар дөңгелеіп отырады. Бір бала ортаға шығып балаларды кез келгеніне асық лақтырып жібереді де жер су ауа деген сөздің бірін айтады. Егер бала жер десе асықты қағып алған сезіммен тәрбиелеу. Біл бала отатаға шығып, балалардың кез келгеніне асықта лақтырып жібереді де жер, су ауа деген сөздік бірін айтады. Егер бала жер десе, асықты қағып алған бала жерде тіршілік ететін құстарды, адамдарды, өсімдіктерді атайды. Ал су сөзі айтылса, балық балардың аты аталады. Ауа дегенде құстарды айтуы тиіс. Осылай ойын жалғаса береді.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Дене шынықтыру Тақырыбы: «Спортзалда ойнаймыз»	Музыка Тақырыбы: «Білімнің»	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Күлкі»	Музыка Тақырыбы: «Нота»
--	---------------------------------------	----------------	--	-----------------------------------

	<p>Мақсаты: - тізбекпен қалай жүру керектігін, екі аяқпен қалай секіру керектігін, секіру кезінде қолымен қандай көмек жасауға болатындығын үйрету</p> <p>«Мүқият бол» ойын жаттығуы. 1,5 минут орташа қарқынмен жүгіру; қозғалысты белгі бойынша алмастыру – жүру, еңбектеу. Мұрынмен тыныс алуға көңіл бөлу, жүру қарқынын бұзбай ырғақпен адымдауларын қадағалау. Тыныс алу гимнастикасы (у-шу кешені).</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Бос орын» (5 рет). Балалар шеңбер бойына малдас құрып отырады. Жүргізуші шеңбер бойымен жүріп, бір ойыншының жанына келіп, оның жанына беторамалды тастайды да: «Бұл жер саған тар Өзіңе орын тауып ал», – дейді. Ойыншы беторамалды алады да, жүргізушіні қуады. Ал жүргізуші оның орнына жылдам барып отырып алуға тырысады. Орынсыз қалған ойыншы жүргізуші болады</p>	<p>– бұлағын»</p> <p>Мақсаты: - Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту</p> <p>Музыка тыңдау: «Қосалқа» Дәулеткерей Ән айту: «Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр» (Т. Ломова) Билер: «Жұптасу бии» (чех халық әуені) Ойындар, хороводтар: «Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Қыдырбекова)</p>	<p>Тақырыбы: «Денсаулықтың құпиялары»</p> <p>Мақсаты:- таза ауа ағзаны күшейтеді, алаңда қимыл жаттығуларын орындау кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау керектігі, баяу жүгіргенде аяқ басына басып, қысқа қадамдар жасау керектігін үйрету</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қармақ». (3 рет).</p> <p>Балалар шеңбер бойына тұрады. Педагог ортада. Ол қолындағы баудың (қармақтың) бір ұшынан ұстайды. Баудың екінші ұшына құм салынған дорба байланған. Педагог жіпті жер бауырлата айналдыра бастайды. Балалар орнында тұрып жоғары секіріп қалып, құтылуға тырысады. Жоғары секіргенде екпінмен итеріліп, аяқтарын жинап алады. Кімнің аяғы ілінсе, сол ойыншы «қармаққа түсті». Ойын барысында балаларды ауық-ауық үзілістер жасап, демалтып тұру қажет.</p>	<p>сыйла»</p> <p>Мақсаты:-Орындық үстінде әр қадам басқан сайын допты алдында, артында ұстап, динамикалық тепе-теңдіктерін сақтап жүруді үйрету (ені – 20 см, биіктігі – 30 см).</p> <p>Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіру: ширақ итеріліп, құрсаудың ортасына түсу керектігін түсіндіру. (3 рет). Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіру: 4 құрсауға кезекпен секіріп барып, қайтарда құрсауларды айналып, орындарына жүгіріп келеді. Секірген кезде құрсаудың ортасына түсуге тырысады. Екі аяқпен ширақ итеріліп, аяқтарының ұшымен жерге түседі Ойын: «Қайда жасырылғанын тап». (2 рет). Спортзалда еркін тұрады.</p>	<p>үйренейік»</p> <p>Мақсаты:- Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату</p> <p>Музыка тыңдау: «Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өңдеген Т. Қоңыратбай). Ән айту: «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев), «Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (В. Дешевов) Билер: «Жұптасу бии» (чех халық әуені) Ойындар, хороводтар: «Сықырлы ағаш» («Дидактикалық ойындар» жинағынан)</p>
--	---	--	---	--	--

Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Жапалақ»					
Серуен	<p style="text-align: center;">Тіл жаттығулары:</p> <p>«Аударыспақ»</p> <p>Мақсаты: -әр түрлі түстерді қайталап бекіту;</p> <p>-сөздік қорын байыту;</p> <p>-дыбыстарды дұрыс және анық айтып бекіту;</p> <p>-балаларды : «Қандай?», «Не істейді?» т.б. сұрақтарға толық, сөйлеммен жауап беруді үйрету;</p> <p>-заттардың түрін, түсін, дәмін, пішінін дұрыс айтып қайталау;</p> <p>-дыбыстың сөздегі орынын тауып айту;</p> <p>-балаларға сөз тіркестерін және сөйлемдерді құрастырып айтып үйрету;</p> <p>-балалардың еске сақтау, есту, ойлау қабілеттерін және зейіндерін дамыту;</p> <p>-қолдың ұсақ моторикасын дамыту;</p>	 		<p>Ойын: «Жапалақ»</p> <p>Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру.</p> <p>Шарты: «Жапалақ» сайланады, ол барлық ойнаушылардан алысқа тұрады. Өзінің «ұясына». Басқа ойнаушылар жан-жаққа тарап кетеді. «Жапалақ»: «Күн туды, барлығымыз оянамыз!» дейді, сол сәтте барлығы жүгіріп, қимылдайды. «Жапалақ»: «Түн болды, барлығын қимылдамандар, жапалақ ұшады!» дегенде барлық ойнаушы балалар тыныш тұрып, қимылдамаулары керек. «Жапалақ» балалардың арасында жүріп, қимылдаған бір-екі баланы өз ұясына әкетеді. Бір бала қалғанша ойын жалғасады.</p>	
Балаларды үйге қайтару	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай	Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай	Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін

	<p>білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p>білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>
--	---	---	--	---	---